

Степногорск қаласы бойынша 2015 жылғы субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін анықтау туралы

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № а-12/474 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 5217 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес, және «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2015 жылғы 04 маусымдағы № 341 қорытындысы негізінде, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Степногорск қаласы бойынша 2015 жылғы субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрінің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулының күші 2015 жылы 01 мамырынан бастап туындаған құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а т ы л а д ы .

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының
әкімі **Ә.Күмпекеев**
Степногорск қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы

Степногорск қаласы бойынша 2015 жылғы субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№ р/р	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрі	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	12 мамырдан бастап 06 маусым аралығында
2	Жаздық арпа	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	25 мамырдан бастап 07 маусым аралығында
3	Сұлы	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	25 мамырдан бастап 07 маусым аралығында
4	Біржылдық шөптер	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	10 мамырдан бастап 05 шілде аралығында
5	Ноқат	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	07 мамырдан бастап 26 мамыр аралығында
6	Күнбағыс майтұқымы	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	10 мамырдан бастап 31 мамыр аралығында
7	Күнбағыс сүрлемі	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	10 мамырдан бастап 05 маусым аралығында
8	Мақсыр	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	05 мамырдан бастап 18 мамыр аралығында
9	Зығыр	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	18 мамырдан бастап 31 мамыр аралығында
10	Бұршақ шөптер мен көпжылдық дәндердің ерте көктемгі егісі	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	01 мамырдан бастап 05 мамыр аралығында
11	Бұршақ шөптер мен көпжылдық дәндердің егісі	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	05 мамырдан бастап 25 маусым аралығында
12	Картоп	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	10 мамырдан бастап 10 маусым аралығында
13	Ашық жердегі көкөністер	22 маусымынан бастап 15 шілде аралығында	05 мамырдан бастап 10 маусым аралығында